

## Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету туралы уақытша Ереже туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1992 жылғы 29 қыркүйек N 813. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.07.26 . N 1010 қаулысымен

Азаматтардың еркін қоныс аударуға демократиялық хұқтарын жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету туралы" Заңы қабылданғанға дейін Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету мәселелерін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасынан келу және Қазақстан Республикасынан кету тәртібі туралы уақытша Ереже (қоса тіркеліп отыр) бекітілсін.

2. Сыртқы істер министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық хауіпсіздік комитетімен, Қазақстан Республикасының басқа да мүдделі министрліктерімен, ведомстволарымен бірлесіп, Қазақстанға келуге және республикадан кетуге байланысты практиканы және заң мәселелерін жүйелі зерделеу мен жинақтау негізінде Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету туралы" Заңының жобасын әзірлеуді ж е д е л д е т с і н .

3. Сыртқы істер министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық хауіпсіздік комитетімен, Қазақстан Республикасының басқа да мүдделі министрліктерімен, ведомстволарымен бірлесіп, ведомстволық актілер мен нұсқауларды осы уақытша Ережеге сәйкестендірсін.

4. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне мынадай тәртіптер жөніндегі нормативтік актілердің ұсыныстары мен жобаларын енгізсін:

шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағына келуі және олардың осы аумақ арқылы аялдама жасап өтуі - Ішкі істер министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Ұлттық хауіпсіздік комитетімен бірлесіп;

көркем, мәдени игіліктерді шекарадан алып өту - Мәдениет министрлігіне, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігіне, Ішкі істер министрлігіне, Сыртқы істер министрлігіне, Әділет министрлігіне, Кеден комитетіне;

Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың жеке құжаттарын Қазақстан Республикасының шекарасынан алып өту, салу және талап ету - Сыртқы істер министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық хауіпсіздік комитетімен бірлесіп жасалсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1992 жылғы 29 қыркүйектегі  
N 813 қаулысымен  
Бекітілген

Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан  
Республикасынан кету тәртібі туралы

Уақытша Ереже

I. Жалпы Ережелер

1. Ережелер міндеті

Осы Ереже Қазақстан Республикасы азаматтарының шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келу, олардың Қазақстан Республикасынан кету тәртібін реттейді, оларға Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары, Адам хұқығының жалпыға ортақ декларациясы мен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары берген еркін жүріп-тұру кепілдігін жүзеге асырады.

Келу және кету мәселелері бойынша мемлекеттік атқару органдары

кабылдаған актілер осы Ереже бекіткен жеке адамдардың хұқықтарын шектей  
а л м а й д ы .

## II. Қазақстан Республикасынан кету үшін құжаттарды ресімдеу

### 2. Ш е т е л п а с п о р т ы

Қазақстан Республикасының азаматтарына Қазақстан Республикасынан кету үшін шетел паспорты беріледі. Паспортта кетудің мақсаты көрсетіледі.

Шетел паспорты Қазақстан Республикасынан әлемнің барлық елдеріне кету  
ү ш і н к ү ш і н с а қ т а й д ы .

Қазақстан Республикасының азаматтарына шетел паспортын, дипломатиялық немесе қызметтік паспортты, сондай-ақ теңізші паспортын беру тәртібі Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткен ережемен айқындалады.

Шетел паспорты Қазақстан Республикасының меншігі болып табылады.

Халықаралық жол жүру құжаттары әзірленгенге дейін Қазақстан Республикасының азаматтары үшін бұрынғы КСРО-ның дипломатиялық, қызметтік немесе шетелдік паспорттары күшінде қалады деп есептелсін.

Қазақстан Республикасының жол жүру құжаттарын беруші органдар, жоғарыда аталған құжаттарды Қазақстан Республикасының азаматтарына азаматтығына жататындығын куәландыратын мөрмен растайды.

### 3. Шетел паспортының күшінде қалу мерзімі

Шетел паспорты бес жылға беріледі. Бұл мерзімді Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары және Қазақстан Республикасының шетелдегі консулдық мекемелері ұзарта алады. Шетел паспортын бергені және ұзартқаны үшін мемлекеттік баж салығы алынады.

### 4. Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының шекарасынан өтуге қажетті құжаттары

Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасынан кету барысында өтпелі пункттерде шетелдік паспортына мемлекеттік шекарадан өткен күніне белгі соғатын паспорттық бақылаудан өтеді. Халықаралық шартпен белгіленген жағдайдағы Қазақстан Республикасының кету барысында Қазақстан Республикасының шекарасынан өту үшін шетелдік паспортта, рұқсат қағазсыз

сапар жасау туралы Қазақстан Республикасымен келісімі бар шетел мемлекеттерінен басқа азамат тікелей бара жатқан шет мемлекеттің шақыру белгісі қойылуы қажет.

Заңды өкілдің ілесуінсіз бара жатқан, 18 жасқа толмаған азаматтар, Қазақстан Республикасынан кету және баратын елі көрсетілген, өзінің заңды өкілінің кетуге келіскені туралы нотариалдық куәландырылған арызды көрсетеді. Ата-анасының біреуінің келісімі болмаған жағдайда кәмелетке толмаған адамның кетуі сот шешімінің негізінде шешілуі мүмкін.

## 5. Шетел паспорттарын берудің негізі

Қазақстан Республикасынан уақытша баруға немесе түпкілікті тұруға кету үшін шетел паспортын шетел мемлекеттеріндегі жеке адамдар мен ұйымдардың шақыруы бар жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтарына олардың жеке арыздары бойынша немесе олардың заңды өкілдерінің өтініштері бойынша ішкі істер органдары береді.

Қазақстан Республикасының кетуге арналған шетел паспорттарын ресімдеу мен беру тәртібі осы Ережемен және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің соған сәйкес шығарған актілерімен, сондай-ақ баратын елден алынған келісіммен белгіленеді.

## 6. Шетел паспортын ресімдеуге қажетті құжаттар

### 1. Шетелге баруға шақыру.

2. Шетел паспортын беру туралы арыз-анкета. 18 жасқа толған азаматтар, тұрақты тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарына, соңғы 5 жылдағы еңбек қызметі туралы мәліметті көрсетіп, береді.

3. Мемлекеттік баж салығын төлегені туралы құжат.

4. 18 жасқа дейінгі балалардың кетуі барысында олардың заңды өкілдерінің өтініші.

5. Түпкілікті тұруға кеткен кезде алименттік және басқа заң жолымен бекітілген реттелмеген міндеттемелерінің жоқтығын растайтын құжаттар.

6. Кетушілердің 14-тен 18 жасқа дейінгі балалардың түпкілікті тұратынын растайтын нотариалдық куәландырған құжаттар.

Осы ереженің 7-тармағының бірінші абзацында айтылған, арызды жедел карау көзделген жағдай туындаған кезде, тиісті құжаттар қоса беріледі.

Қазақстан Республикасының азаматы шетелге турист ретінде кеткен жағдайда, туристік ұйымның өтініші, туристің соңғы 5 жылдағы еңбек қызметі туралы мәлімет көрсетілген анкета беріледі.

## 7. Шетел паспортын беру туралы арызды қараудың тәртібі мен мерзімдері

Шетелге уақытша баруға арналған шетел паспорттарын беру туралы азаматтардың арызы бір ай мерзімде, ал егер кетушінің сапары, шетелде тұратын туысқанының ауыр науқасына немесе қазасына байланысты болса, баратын елінің медициналық мекемесі растаған құжатты көрсеткен жағдайда - үш жұмыс күні ішінде қаралады.

Бұл арыздарды қарау нәтижесі, ал қабыл алмау жағдайында, оның себептері арыз берушілерге жазбаша нысанда жеткізіледі.

Жоғары органның немесе соттың оған шетел паспортын беруден бас тартуының негізсіздігіне азаматтың шағынуының дұрыстығы мойындалған жағдайда, осы мәселе бойынша қайта берілген арыз бір ай ішінде қаралады. Бұл орайда, егер онда көрсетілген мәліметтер өзгеріссіз қалған болса, бұрын тапсырылған құжаттар назарға алынады.

## 8. Қазақстан Республикасынан кету хұқын уақытша шектеуге арналған негіздер

Қазақстан Республикасының азаматына мынадай жағдайда:

- 1) егер ол мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерге ие болса, осы жағдай күшін тоқтатқанға дейін;
- 2) егер оған қарсы қылмысты іс қозғалған болса - іс бойынша жұмыс аяқталғанға дейін;
- 3) егер қылмыс жасағаны үшін сотталса - айыбын өтегенше немесе айыптан босатылғанға дейін;
- 4) егер ол сот оған жүктеген міндетті орындаудан жалтарса - міндетті орындағанға дейін;
- 5) егер ол міндетті әскери қызметін өтеп жатса - міндетті әскери қызметін өтеуді аяқтағанға дейін немесе одан заңға сәйкес босатылғанға дейін;
- 6) егер ол өзі туралы қасақана өтірік мәлімет берсе;
- 7) егер оған сотта азаматтық айып тағылса - іс бойынша жұмыс паспортын беруден уақытша бас тартылатын болады.

Азаматқа берілген шетел паспорты осы тармақтың 1-7 бөліктерінде белгіленген жағдайлар анықталғанда, сондай-ақ оны қолдан өзгерткенде, қылмыс

жасау үшін пайдаланғанда, Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылғанда қайтып алынуы мүмкін. Паспорт қайтып алынған жағдайда оны берген мемлекеттік органдарға қайтарылуға жатады.

### 9. Шетел паспортын беруден бас тарту жөніндегі шешімге шағымдану тәртібі.

Осы Ереженің 8-тармағының 2, 3 бөліктерінде көзделген негіздер бойынша шетел паспортын беруден бас тарту шағымдануға жатпайды.

Осы Ереженің 8-тармағының басқа бөліктерінде көзделген негіздер бойынша шетел паспортын беруден бас тартқан, жауап қайтару осы Ережеде белгіленген мерзімнен кешіктірілген немесе шетел паспортын алып қойған жағдайда азамат заңда белгіленген тәртіппен жоғары органға немесе тұрғылықты жері бойынша сотқа шағым бере алады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚРМҚ-нің 1993.03.24. N 228 қаулысымен. Р930228\_

### III. Қазақстан Республикасынан кету хұқын оның азаматтары үшін айрықша жағдайда реттеу

#### 10. Азаматтардың хауіпсіздігін қамтамасыз етудің мүмкіндігі жоқтығына байланысты Қазақстан Республикасынан кетуді шектеу

Қайсыбір елде Қазақстан Республикасы азаматының хауіпсіздігіне байланысты төтенше жағдай пайда болған жағдайда, соған өкілетті мемлекеттік органдар, жеке істері бойынша кетіп бара жатқан Қазақстан Республикасының азаматтарын аталған елге барудың хауіпсіз еместігі туралы ескертеді және аталған елге уақытша кетпей тұра тұруды ұсынуға хұқылы.

Қайсыбір елде төтенше жағдай пайда болған жағдайда Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынуымен аталған елде олардың хауіпсіздігін қамтамасыз етудің мүмкін еместігіне байланысты Қазақстан Республикасы азаматтарының кетуіне уақытша шектеу енгізуге хұқылы.

#### 11. Іске жарамсыз азаматтардың кетуі

Сот іске жарамсыз деп таныған Қазақстан Республикасының азаматтары

өздерінің заңды өкілдерінің нотариалдық куәландырған заңды өтініштері бойынша немесе сот шешімінің негізінде ғана Қазақстан Республикасынан тұрақты тұруға кете алады.

12. Міндетті әскери қызметке шақырылуға жататын Қазақстан Республикасы азаматтарының, ішкі істер және ұлттық хауіпсіздік органдарының әскери қызметшілері мен қызметкерлерінің кетуі

Шетелге уақытша кеткен және заңға сәйкес міндетті әскери қызметке шақырылуға жататын Қазақстан Республикасының азаматтары шақыру туралы хабарландыру алғаннан кейін, міндетті әскери қызметті өтеу үшін Қазақстан Республикасына келуге міндетті.

Заңға сәйкес міндетті әскери қызметін өтеп жүрген әскери қызметшілер оны өтеу уақытында шетел паспортын тапсырады. Мерзімнен тысқары қызметтегі әскери қызметшілер, прапорщиктер, мичмандар және офицерлік құрамдағы адамдар мен ішкі істер және ұлттық хауіпсіздік органдарының қызметкерлері, қолбасшының рұқсаты болған кезде жеке істері бойынша Қазақстан Республикасынан кетеді.

13. Мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерден хабардар азаматтардың Қазақстан Республикасынан кету тәртібі

Мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерге ие Қазақстан Республикасы азаматтарының осы мәліметтермен азаматтардың таныс болуына рұқсат етілген сәттен бастап белгіленген мерзім аяқталғанға дейін Қазақстан Республикасынан жіберілмеуі мүмкін. Мәліметтерді мемлекеттік құпия қатарына жатқызу құпия ақпараттарды қорғауды реттейтін заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген шектеулерді, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, оқу орындарының әкімшіліктері мен әскери бөлімдерінің қолбасшылары мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерге жіберілуге қатысты жұмыспен оқуға түскен және міндетті әскери қызметке кіріскен кезде азаматтардың назарына жеткізуге тиіс. Бұл орайда мұндай мәліметтерге жіберілгенге дейін ерікті негізде жазбаша нысандағы еңбек шарты (контракт) жасалады.

IV. Қазақстан Республикасынан  
кететін Қазақстан Республикасы  
азаматтарының хұқықтық жағдайы

14. Қазақстан Республикасы азаматтарының  
Қазақстан Республикасынан кетуін қаржыландыру

Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасынан кетуі олардың өз қаржысы есебінен немесе олардың сапарын қаржыландыратын адамдардың, кәсіпорындардың және ұйымдардың қаржысы есебінен жүзеге асырылады.

Шетелге кететін Қазақстан Республикасы азаматтарының шетел валютасын алу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді.

15. Қазақстан Республикасынан түпкілікті  
тұруға кететін азаматтардың міндеттерін  
орындауы

Қазақстан Республикасынан түпкілікті тұруға кететін Қазақстан Республикасының азаматтары шетел паспорттарын алу үшін Қазақстан Республикасында қалатын ата-анасының, сондай-ақ Қазақстан Республикасында кәмелетке толмаған балалары қалған жағдайда - сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасындағы заңды өкілінен алименттік төлем алу жөніндегі талабының жоқтығы туралы нотариалдық куәландырылған арызын көрсетеді.

Осы тармақтың бірінші абзацында көзделген, арыз қайсыбір себептермен қабылданбай қалған жағдайда, кетушінің сотқа жүгінуге хұқысы бар, ал сот алименттік міндеттің барлығы немесе жоқтығы туралы мәселені қарайды.

Соттың шешімі бойынша ол міндеттемелер бірден төленеді немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес алименттер төлеу жөніндегі міндеттемелер белгіленуі мүмкін.

Қазақстан Республикасынан түпкілікті тұруға кететін Қазақстан Республикасының азаматтары, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың және азаматтардың алдындағы бүкіл мүліктік міндеттемелерін орындап, тиісті құжаттар тапсыруға міндетті.



## 16. Қазақстан Республикасынан түпкілікті тұруға кететін адамдардың мүліктік жағдайы

Қазақстан Республикасынан түпкілікті тұруға кететін азаматтар, заңды негіздегі шетелдерге валютаға алған, өздеріне және олардың отбасы мүшелеріне тиесілі мүлікті өз есебінен әкетуге, меншік хұқындағы өзіне тиесілі мүлікті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының банкілерінде сақтаулы ақшалай қаржыларды, бағалы қағаздар мен басқа да игіліктерді Қазақстан Республикасының аумағында өз атында сақтауға хұқылы.

Мемлекет үшін мәдени, көркем немесе тарихи игілік қатарынан саналатын заттарды азаматтардың Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әкетуі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес реттеледі.

## 17. Қазақстан Республикасынан кететін

азаматтардың хұқын шектеуге жол берілмеуі

Қазақстан Республикасынан кететіні туралы тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтары мен олардың отбасы мүшелеріне қатысты Қазақстан Республикасы заңдарының барлық ережелері күшін сақтайды. Олар барлық хұқықтарды пайдаланады және заңмен белгіленген міндеттерді мойнына алады. Олардың азаматтық, еңбек, тұрғын үй және басқа хұқықтарын өз бетімен қандай да болса бір шектеулерге жол берілмейді.

## V. Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасына келу тәртібі

## 18. Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасына келу тәртібі

Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасына

Қазақстан Республикасының күшін сақтаған шетелдік паспорты бойынша немесе оны алмастыратын құжатпен келуіне рұқсат етіледі.

Шетелде түпкілікті тұратын және Қазақстан Республикасының күшін

жоймаған шетелдік паспорты бар азаматтарына, Қазақстан Республикасына кетуіне байланысты паспортына есептен шыққаны туралы Қазақстан Республикасының шетелдегі консулдық және дипломатиялық өкілдіктері белгі соққан жағдайда, Қазақстан Республикасына түпкілікті тұруға келуіне рұқсат етіледі.

VI. Шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуі және Қазақстан Республикасынан кетуі

(19-тармақ)

Ескерту. 19-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.31.10. N 1408 қаулысымен.

20. Азаматтығы жоқ шетелдік адамның Қазақстан Республикасына келуіне рұқсат етілмеудің негіздері

Егер ол:

1) халықаралық хұқықпен көзделген бейбітшілік пен адамзаттың хауіпсіздігіне қарсы қылмыс жасаса;

(2-7)

Ескерту. 20-шы тармақтың 2-7 тармақшаларының күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.31.10. N 1408 қаулысымен.

8) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да

жағдайларда азаматтығы жоқ шетелдік адамға Қазақстан Республикасына келуге рұқсат берілмеуі мүмкін, сондай-ақ оның Қазақстан Республикасынан қуылуы мүмкін.

21. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасынан кетуі

Қазақстан Республикасында түпкілікті тұратын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасынан кетер кезде осы Ереженің 6-тармағының 2-6 бөліктерінде көзделген құжаттарды тапсырады.

Ескерту. 21-ші тармақтың бірінші абзацы күшін жойған -  
ҚРМК-нің 1995.31.10. N 1408 қаулысымен.

22. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасынан кету хұқын уақытша шектеуге арналған негіздер

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасынан кетуін шектеу осы Ереженің 8-тармағына (5-бөлігінен басқасы) сәйкес белгіленеді. Белгіленген құжаттары болмаса, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасынан кетуіне шекаралық бақылау органдары жол бермейді.

23. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасынан кетуге рұқсат етпеу туралы шешімге шағымдану тәртібі

Қазақстан Республикасында түпкілікті тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасынан кетуіне рұқсат етпеу туралы шешімге осы Ереженің 9-тармағында көзделген тәртіппен шағым беріле алады.

24. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға пұрсат беру

Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың келуі мен кетуіне пұрсат берудің тәртібі, сондай-ақ Қазақстан Республикасында болуының тәртібі тиісті нормативтік актілермен және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен белгіленеді.

25. Шетел мемлекеттері өкілдіктерінің басшылары мен қызметкерлерінің және басқа

## адамдарының артықшылықтары мен иммунитеттері

Осы Ереже Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен белгіленген шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдіктерінің басшылары мен қызметкерлерінің артықшылықтары мен иммунитеттерін қозғамайды.

VII. Заңсыз келгені және кеткені,  
сондай-ақ Қазақстан Республикасының  
аумағы арқылы аялдама жасап өтудің  
тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік

26. Заңсыз келгені және кеткені, сондай-ақ  
Қазақстан Республикасының аумағы арқылы  
аялдама жасап өтудің тәртібін бұзғаны  
үшін жауапкершілік

Қазақстан Республикасынан заңсыз кеткен, Қазақстан Республикасына заңсыз келген Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік өтудің ережелерін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының азаматы, шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам, белгіленген тәртіпті бұза отырып Қазақстан Республикасының шекарасын кесіп өткендер, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан заңсыз кетуіне және Қазақстан Республикасына заңсыз келуіне жәрдемдескен адамдар Қазақстан Республикасының заңдары бойынша жауапкершілікке тартылады.

Оларға қатысты қуып жіберу туралы шығарылған шешімді орындамаған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасынан қуып жіберуге байланысты шығындар, қуып жіберілетін адамның немесе шетелдікті, азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасына шақырған ұйымның немесе жеке адамның есебінен өтеледі.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының аумағына заңсыз келген жағдайда және оның қуып жіберу бойынша шығынды өтеуге қаржысы болмаса құзыретті органдар бұл шығындарды өтеу туралы мәселені тиісті елдердің дипломатиялық және консулдық өкілдіктерімен шешеді.

Ескерту. 26-шы тармақтың бірінші абзацына өзгеріс енгізілді -  
ҚРМК-нің 1995.31.10. N 1408 қаулысымен.

## VIII. Халықаралық шарттар

### 27. Халықаралық шарттарды қолдану

Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында осы Ережеде айтылғандардан басқа тәртіптер белгіленсе, онда халықаралық шарттың тәртібі қ о л д а н ы л а д ы .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК